

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Шоғырлана түскен шаһар



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында «2018 жыл – елордамыз Астананың 20 жылдығын атап өтетін мерейтойлы жыл. Бас қаламыздың қалыптасуы және Еуразияның маңызды даму орталықтарының қатарына қосылуы – баршамыздың ортақ мақтанышымыз» деді. Әлбетте, кез келген қаланың

халықтың алғашқы қоныстануына, іргесінің қалануына және қалыптасып дамуына байланысты тамырлы тарихы болады. Астананың көне көмбедегі жәдігерлерімен хатталған түп-тамыры Бозоқ, Қараөткел секілді мәдени ошақтардан басталатыны, бергі бекініс болған кезеңінде Хан Кененің атой салғаны, XX ғасырда одақтық тың игерушілердің кіндік қаласы атанғаны белгілі. Кеңестік Целиноград, кейінгі қазақстандық Ақмола қаласына астана мәртебесі мен атауының бірге беріліп, тәуелсіз ел тұсында тұғырлы елордаға айналуы шын мәнінде осыған дейін облыс орталығы қызметін атқарып келген шағын шаһарға ендігіде еліміздің түкпір-түкпірінен, шет мемлекеттерден келген тұрғындардың шоғырлануына, олардың жаңа қонысқа орнығуына жол ашты.

Егер елорда болып еншісін бөлек алып шыққан 20 жыл бұрынғы уақытқа көз салсақ, 1998 жылы қаланың жалпы аумағы 300 шаршы шақырымды ғана құраған екен. Бүгінде үш есеге жуық өскен қаланың жалпы ауданы 799 шаршы шақырымнан асты. Сәйкесінше халқының саны да 3,4 есеге ұлғайды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен жаңа астана болып хабарланған күннен бастап халық саны 730 072 адамға өсті. Яғни, 1998 жылдың басында 300 505 адам ғана тұратын елорда халқы жиырма жыл ішінде 2018 жылдың басындағы көрсеткішке сай 1 032 475 адамға дейін көбейді. Әкімшілік бөлініс бойынша айтарлықтай өсім қаладағы Алматы ауданына тиесілі, бұл аудан бойынша халық саны – 379,2 мың болса, Сарыарқа ауданында – 317,8 мың, ал Есіл ауданында 183,9 мың адам тұрады. Сондай-ақ биыл 27 ақпанда құрылған Байқоңыр ауданында 211 мың тұрғын бар.

Осыдан екі жыл бұрын Саида есімді сәбидің Астананың миллионыншы тұрғыны болып дүниеге келгені белгілі. Қаладағы №1 перинаталдық орталықта өмір есігін ашқан сәби қаланың қарапайым тұрғындары, Астана РЭК электр жөндеушісі Олжас Мұхамедияр мен № 9 балабақшаның тәрбиешісі Арайлым Мұхамедиярдың тұңғышы. Мегаполиске айналған елорданың миллионыншы тұрғынын Елбасының өзі құттықтап, шаһар басшысының жас отбасыға пәтер кілтін табыс еткені есте. Миллионыншы тұрғынның анасы Арайлыммен сөйлескенімізде, ол құлыншағының өсіп келе жатқанын, күзде өзі еңбек ететін балабақшаға беруді отағасымен бірге жоспарлап отырғанын жеткізді. Қостанайдың тумасы Олжас пен Павлодарда туып-өскен Арайлымның елорда тұрғыны атанғандарына он жылдан астам уақыт өткен екен. Қос жастың Астана төрінде шаңырақ көтерген соң шаттықтары да еселене түсті. Арайлым қала әкімі Ә. Исекешев К. Байсейітова атындағы көшеден сыйлаған пәтер өздеріне құтты қоныс болғанын айтып, елорданың бақытты отбасылары көбейе беруіне, шаһардың көркейе беруіне тілектестігін білдірді.

Адам капиталы алға шыққан уақытта халықтың өсімімен бірге сапалылығы да маңызға ие. Мәселен, әр астананың немесе қалалардың өздеріне тән ерекшелігі болатыны жасырын емес. Бұл жағдай сырттан келген мейманға бірден сезіліп тұрады. Айталық, Нью-Йорк, Париж, Токио, Бейжің сияқты ірі қалалар тұрғындарының мәдениетінде де өзіндік өрнек, мәнер, болмыс ерекшелігі байқалады. Бұл ретте астаналықтардың да қатаң табиғи ортаға қарамастан меймандос, қонақжай қасиеті қалыптасып үлгерді деуге болады. Өйткені Астана – бүгінде іскерлік пен қайнаған еңбектің де ордасы. Астана қалалық статистика департаментінің басшысы Құндысбек Әбдірәсіловтің айтуынша, жыл басындағы көрсеткішке сәйкес, қалада еңбекке қабілетті тұрғындардың үлесі басым. Олардың жалпы есебі 652 339 адамды құрайды. Бұл қала халқының 63,3 процентіне тең. Сондай-ақ елорда жастар шаһарына айналды. Бүгінде тұрғындардың орташа жасы 29,6 жасты құрайтынын ескерсек, нағыз еңбек қазанында қайнайтын тұрғындардың белсенділігі мен әлеуетін тани түсеміз. Ал қала халқының бір шаршы шақырымға орналасу тығыздығы 1289,8 адамды құрап отыр.

Бүгінде бағаналы ордадағы ұлт пен ұлыстар арасындағы басымдық мемлекет құраушы ұлтқа тиесілі. Қазір қалада қазақ ұлтының үлесі 805 718 адамға жетті (78,2%). Ал

орыстар – 138 175 (13,4%), украиндар – 14 176 адам (1,4%), татарлар – 11 624 адам (1,1%), өзбектер – 10 642 адам (1,0%), немістер – 9 243 адам (0,9%). Жалпы халықтың табиғи қозғалысы бойынша қарасақ, 20 жылда Астанада 281 069 бала дүниеге келді. Бұл республика өңірлері арасындағы тоғызыншы көрсеткіш. Елордада 4,5 мыңдай «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналар тұрады. Сондай-ақ бұл жылдары 124 900 неке тіркелді. Осылайша, 1998 жылғы тіркелген некенің санынан 6,4 есеге артып отыр (1 794 неке). Халықтың көшіқоны бойынша 1998-2017 жылдары аралығында елордаға 1 010 967 адам келіп, 480 665 адам кеткен, ал көші-қонның өсімі 530 302 адамды құрады. Мектеп саны 57-ге көбейіп, барлығы 105 орта білім беру ошағы жұмыс істейді. Қалада дарынды балаларға арналған үш мектеп – физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі, Назарбаев зияткерлік мектебі және Астана халықаралық мектебі зияткер ұрпақтың жаңа буынын тәрбиелеуде.

Мемлекет басшысының болжамынша, 2050 жылға дейін Астанада 2 миллион халық тұруы тиіс. Демографтар мен қала билігі бұл мақсатқа жетуге негіз бар екенін айтады. Ең бастысы, қала аумағымен бірге жұмыс орындары да, экологиялық тазалық шаралары да арта түсуі, халыққа қолайлы орта қалыптасуы қажет. Осыған орай қала инфрақұрылымымен бірге ақылды ұлт тұратын ақылды қала құрудың да маңызы зор. Бұл бағытта қауіпсіздік, әлеуметтік қорғау, жасыл энергия, көлік хабы және инновацияны дамыту Астананың Орталық Азия аймағындағы өзіндік төл стратегиясына айналмақ. Мұның бәрі алдағы уақытта да шаһарда адамға қажетті игіліктердің шоғырлануы арта түсетінін байқатады.

Думан АНАШ